


Бекітемін

Мектеп директоры  А.Р.Тлеулина


«31» тамыз 2021ж.



Келісемін

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі
орынбасары  А.Әлжанов

**Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің
«Өзін-өзі басқару» ұйымының 2021-2022 оқу жылына
арналған жылдық жұмыс жоспары**

Орындаған  Г.Қ.Табынбай

2021-2022 оқу жылы

**«Мектеп парламенті» білім алушылардың өзін-өзі басқару органдарын дамыту ұйымының
2021-2022 оқу жылында атқарылатын іс шаралар жоспары**

Айы	Іс-шаралар атауы, өткізілу формасы	Жобалық қызметінің бағыттары	Сыныбы	Серіктестер	Жауаптылар
Қыркүйек	Өзін –өзі басқару ұйымын құру, ұйым топбасшысын, ұйым мүшелерін сайлау	«Құқық және тәртіп» жобасы	5-11	ТҰЖО, Ұйымдастырушы педагог, Тәлімгер, сынып жетекшілер	Фракция мүшелері
	«Қауіпсіз жол» /сыныптан тыс/	«Құқық және тәртіп» жобасы	1-4	ТҰЖО, Тәлімгер	Фракция мүшелері
	Құқық қорғау органдары қызметкерлерімен кездесу	«Құқық және тәртіп» жобасы	9-11	ТҰЖО, Тәлімгер	Фракция мүшелері
	«Дені сау ұрпақ – ұлт болашағы» /флешмоб/	«Спорт және салауатты өмір салты» жобасы	5-11	Тәлімгер, Сынып жетекшісі, Ұйымдастырушы педагог	Фракция мүшелері
Қазан	«Қарттарым – асыл қазынам» /мерекелік бағдарлама /	«Өзін-өзі басқару және бақыт» жобасы	5-11	Тәлімгер, өзін-өзі басқару ұйымы Ұйымдастырушы педагог	Фракция мүшелері
	«Дублер күні»	«Ақпарат» жобасы	9-11	ТҰЖО, Тәлімгер,	Фракция мүшелері
	«Түлектен тосып сый» ұстаздарға мерекелік құттықтау	«Мәдениет және өнер» жобасы	5-8	Тәлімгер	Фракция мүшелері
Қараша	«Болашақ және жастар» / дебат турнирі/	«Ұшқыр ой алаңы» жобасы	9-11	Тәлімгер	Фракция мүшелері
	«Жақсылық жасап жарысайық» қайырымдылық жәрмеңкесі	«Мәдениет және өнер» жобасы	9-11	Тәлімгер	Фракция мүшелері
	«Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ» дөңгелек үстел /	«Құқық және тәртіп» жобасы	9-11	Тәлімгер	Фракция мүшелері
	Спорттық шаралар /оқушылар мен педагогтер арасында/	«Спорт және салауатты өмір салты» жобасы	9-11	Тәлімгер,	Фракция мүшелері
Желтоқсан	“Желтоқсан тәуелсіздіктің бастауы” / «Жас Ұлан» ұйымына салтанатты қабылдау жиыны /	«Ақпарат» жобасы	9-10	Тәлімгер	Фракция мүшелері
	«Қазақстан – туған елім, ұлы өлкем» /патриоттық әндер байқауы/	«Мәдениет және өнер» жобасы	5-9	Тәлімгер, Сынып жетекшілер	Фракция мүшелері
	“Тәуелсіздік сур” мектепшілік турнир /дебат/	«Ұшқыр ой алаңы»	9-11	Дебат клуб жетекшісі	Фракция мүшелері
Қаңтар	«Балалар игілігі үшін»	«Қамқорлық» жобасы	7-11	Өзін-өзі басқару ұйымы	Фракция мүшелері
	«Құқық бұзушылық және заңдық жауапкершілік» /дөңгелек үстел/	«Құқық және тәртіп» жобасы	9-10	Сынып жетекшілер, тәлімгер	Фракция мүшелері

	«Мейірімділік жүректен» /жәрмеңке/	«Қамқорлық» жобасы	5-11	Сынып жетекшілер Әлеуметтік педагог	Фракция мүшелері
	«Көңілді мәре» /спорттық ойындар/	«Спорт және салауатты өмір салты» жобасы	5	Тәлімгер өзін-өзі басқару ұйымы	Фракция мүшелері
	«Бала құқығы» /дебат/	«Үшқыр ой алаңы»	7-8	Ұйымдастырушы педагог Өзін-өзі басқару ұйымы	Фракция мүшелері
Ақпан	«Жемқорлыққа жол жоқ» /бейнеролик/	«Құқық және тәртіп» жобасы	7-8	Тәлімгер Ұйымдастырушы педагог	Фракция мүшелері
	«Кітап time» оқырмандар клубы	«Ақпарат» жобасы	5-11	Тәлімгер, Кітапханашы	Фракция мүшелері
	«Ұлттық пікірсайыс турнирі» /мектепшілік дебат турнирі/	«Үшқыр ой алаңы»	9-11	Дебат клуб жетекшісі Өзін-өзі басқару ұйымы	Фракция мүшелері
	«Үздік сынып - 2022» /байқау/	«Экология және еңбек» жобасы	5-6	Сынып жетекшілер Тәлімгер, өзін-өзі басқару ұйымы	Фракция мүшелері
	«Көктем аруы-2022» байқауы	«Мәдениет және өнер» жобасы	5-11	Тәлімгер, өзін-өзі басқару ұйымы Ұйымдастырушы педагог	Фракция мүшелері
	«Армысың, әз-наурыз!» /мерекелік концерт/	«Мәдениет және өнер» жобасы	1-11	Сынып жетекшілер Тәлімгер, өзін-өзі басқару ұйымы	Фракция мүшелері
Сәуір	«Құқықбұзушылықтың алдын алу күні тәртібінде» /заң өкілдерімен кездеу/	«Құқық және тәртіп» жобасы	9-11	Тәлімгер Сынып жетекшілер	Фракция мүшелері
	«Салауатты өмір салты» /мектепшілік волейбол турнирі/	«Спорт және салауатты өмір салты» жобасы	6-7	Тәлімгер өзін-өзі басқару ұйымы	
	«Құқықбұзушылықтың алдын алу» /заң өкілдерімен кездесу/	«Құқық және тәртіп» жобасы	9-11	Тәлімгер Өзін-өзі басқару ұйымы	Фракция мүшелері
Мамыр	1-мамыр – Ұлттар достастығы /сынып сағаттары/	“Өзін -өзі тану және бақыт” жобасы	3-4	ДТҰЖО, Тәлімгер, Сынып жетекшілер	Фракция мүшелері
	Халықаралық отбасы күні /спорттық сайыс/	“Өзін -өзі тану және бақыт” жобасы	5	ДТҰЖО, Тәлімгер, Сынып жетекшілер	Фракция мүшелері
	«Түлек 2022 – Жаңа Қазақстанның болашағы» /соңғы қоңырау/	«Мәдениет және өнер» жобасы	1-11	ДТҰЖО, Тәлімгер, Сынып жетекшілер	Фракция мүшелері

Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің 2021-2022 оқу жылында «Өзін-өзі басқару» ұйымы жұмысының талдау есебі

2021-2022 оқу жылының басында Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебінің өзін-өзі басқару ұйымының 2020-2021 оқу жылында жүргізілген жұмыстары зерделеніп, сараптама жасалынды. Еліміздің мүддесін ойлайтын, экономикалық бәсекелестікке қабілетті, білім мен өнерге құштар, елінің тарихын білетін, тілін, дінін, әдет-ғұрып, салт-санасын қастерлейтін, еңбекқор да, салауатты, адами құндылықтар бойына қалыптасқан, әділетті, қайсар тұлғаны өзін-өзі басқарту арқылы қалыптастыру мақсатында мектептегі тәрбиенің кешенді-мақсатты бағдарламасын басшылыққа ала отырып, мектебімізде өзін-өзі басқару ұйымы құрылып, жұмыс істеуде. Өзін-өзі басқару ұйымының міндеті:

1. Мектеп оқушыларын бірыңғай өзін-өзі басқара алатын, өзіне-өзі сенімді тұлға болуға тәрбиелеу.
2. Қазақстан Республикасының Конституциясын құрметтеуге, мектеп ережесінің талаптарын бұлжытпай орындауға үйрету.
3. Оқушылардың зияткерлік және шығармашылық тұлғалық қасиеттерін дамыту.


Жоспарға сәйкес іс-шаралар, ұйым мүшелерінің отырыстары, байқаулар, акциялар жүргізіліп отырылды. Атап айтқанда:

- 2021 жылдың қыркүйек айында «Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі» КММ-де өзін-өзі басқару ұйымының мүшелері, мектеп жасақтарының оқушылары мектеп инспекторы, мектеп тәлімгерінің қатысуымен «Қауіпсіз жол» профилактикалық іс-шарасы өткізіліп, оқушыларға жолдағы қауіпсіздік ережелері түсіндірілді.
- 2021 жылдың 24 қыркүйек күні «Т.Жармағамбетов атындағы орта мектебі» КММ -де мектептегі өзін-өзі басқару Президентін сайлау өтті. Сайлау қорытындысы бойынша 10-сынып оқушысы Жақасова Алина мектеп президенті болып тағайындалып, фракция жетекшілері сайланды.
- «Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу» тақырыбында мектеп инспекторы Р.Р.Ерғалиевтің, мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Қ.Әлжановтың қатысуымен мектеп оқушыларына түсіндірме жұмысы жүргізіліп, оқушылар тарапынан қойылған сұрақтарға жауап берді.
- 1 қазан – Қарттар күні мерекесі қарсаңында ұйым мүшелері ауданымыздағы жалғызбасты қарияның үй шаруашылығына көмек көрсетіп, алғысын алды.
- 2021 жылдың 5 қазан күні мектебіміздің «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымының мүшелері ұстаздар күніне орай «Түлектен тосын сый» атты мерекелік құттықтау челленджі ұйымдастырылып, мектеп түлектерінің бейнеқұттықтауы жолданды.

- «Күнделікті дене белсенділігі – денсаулық пен ұзақ өмір сүруге бастар жол» атты спорттық сайыстар апталығы өтті.
- «Болашақ және жастар» тақырыбында мектепішілік пікірсайыс турнирі ұйымдастырылып, 8-10 сынып оқушыларынан құралған 12 фракция жүлделі орындарды өзара сарапқа салды. Үздік танылған «Болашақ» фракциясы аудандық пікірсайыс турнирінде де үздік ойын көрсетіп, I орын иеленіп облыстық кезеңге жолдама алды.
- «Өзін-өзі басқару» ұйымы белсенділері «Жақсылық жасап жарысайық» атты қайырымдылық жәрмеңкесі ұйымдастырылды.
- «Дебат технологиясы – заман талабы» тақырыбында аудан мектептерінің пікірсайыс жетекшілері арасында семинар ұйымдастырылып, дебат жетекшісі Г.Табынбай «Дебат ойынының ережелері» тақырыбында шеберлік сағатын өткізіп, ұйым белсенділері тәжірибелік ойындар ойнады.
- «Ел ертеңі – Жас Ұлан» тақырыбында 2 және 5-сынып оқушыларына танымдық сағат өткізілді.
- 14 желтоқсан күні – Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығы мерекесіне орай «Жас Ұлан» бірыңғай балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты қабылдау жиыны өтті. Салтанатты шара аясында 2 және 5-сынып оқушылары салтанатты түрде ант қабылдап, «Жас Қыран» ұйымына – 89 оқушы, «Жас Ұлан» ұйымына – 98 оқушы қабылданды.
- Жаңа жыл мерекесіне орай «Өзін-өзі басқару» ұйымының белсенділері 5-8 сыныптар арасында «Жаңа жылдың жарқырасын шамдары» атты мерекелік кеш ұйымдастырылды. Оқушылар жаңа жылға байланысты викториналық сұрақтарға жауап беріп, қызықты ойындар ойнады. Ерекше өнерімен танылған сыныптар номинациялар бойынша марапатталды.
- Қаңтар айында ұйым белсенділері «Салауат» бағыты жоспарына сәйкес, 5-сынып оқушылары арасында «Көңілді мәре» эстафеталық жарыс өткізіліп, оқушылар түрлі кезеңдер бойынша сынға түсті.
- Ұлттық пікірсайыс турнирінің мектепішілік кезеңі ұйымдастырылып, үздік фракциялар мен үздік спикерлер анықталып, аудандық кезеңге жолдама алды.
- Ақпан айында ұйым белсенділерінің бастамасымен «Үздік сынып – 2022» мектепішілік байқауы өтті. Байқау шарттарына сәйкес, 1-11 сынып оқушылары 2 апта бойы сабақ үлгерімі, қоғамдық іс-шаралардағы үздік нәтижелері бойынша бас жүлдені сарапқа салды. Мақсаты: оқушылардың мектеп өміріндегі қоғамдық іс-шараларға қызығушылығын арттыру, бәсекеге қабілетті болуға шыңдау.
- Наурыз мерекесі қарсаңында мектебіміздің 7-8 сынып қыз балалары арасында «Көктем аруы» байқауы ұйымдастырылды. Байқауда қыз балалар түрлі кезеңдер бойынша бақ сынап, өз өнерлерін ортаға салды.

- Ұлыстың Ұлы күні – Наурыз мерекесіне орай «Армысың, әз-наурыз!» мерекелік концерті өтті. Мерекелік кеш мектеп оқушыларына арналған наурыз көже мен спорттық ойындармен жалғасын тапты.
- Салауатты өмір салтын қалыптастыру, оқушылардың дене белсенділігін арттыру мақсатында 6-7 сынып оқушылары арасында мектепішілік волейбол жарысы өтті.
- «Құқықбұзушылықтың алдын алу күн тәртібінде» тақырыбында 9-10 сынып оқушыларына аудандық прокуратура, полиция бөлімі мамандарының қатысуымен кездесу өтті.
- 1 мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні мерекесіне орай «Бірлігі жарасқан – Қазақстан» тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылды.
- «Абайлаңыз, балалар!» жедел профилактикалық іс-шарасы аясында полиция бөлімі қызметкерлері мектеп оқушыларына жолдағы қауіпсіздік шаралары туралы ақпараттық түсіндіру жұмыстары жүргізілді.
- 15 мамыр – халықаралық отбасы күні мерекесіне орай «Әкем, анам және мен» тақырыбында отбасылық спорттық сайысы өткізілді. 5- сынып оқушылары мен ата-аналары өзара сынға түсіп, жүлделі орындарды сарапқа салды.
- 31 мамыр күні «Түлек 2022 – Жаңа Қазақстанның ертеңі» тақырыбында соңғы қоңырау салтанатты шарасы ұйымдастырылып, мектеп түлектері алтын ұясымен қоштасып, үлкен өмірге қадам басты.

Мектеп директоры



А.Р. Тлеулина

Мектеп тәлімгері

Г.Қ. Табынбай